

Есіл аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №82/3 "Есіл ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды және пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 2021 жылғы 13 желтоқсандағы № 16/2 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 20 желтоқсанда № 25838 болып тіркелді

Есіл аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Есіл аудандық мәслихатының "Есіл ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды және пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы" 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №82/3 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8293 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Бейбіт жиналыстар өткізудің кейбір мәселелері бойынша";

көрсетілген шешімнің 1, 2, 3-қосымшалары жаңа редакцияда осы шешімнің 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Есіл аудандық мәслихат
хатшысының уақытша
өкілеттілігін жүзеге асырушы

Л.Клименко

Есіл аудандық мәслихатының
2021 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 16/2 шешіміне
1 қосымша

Есіл аудандық мәслихатының
2020 жылғы 25 желтоқсандағы

Есіл ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар

Есіл ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар:

1. "Ақмола облысы Есіл ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Есіл аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратының жанында орналасқан алаң, Есіл қаласы, Гагарин көшесі, 1 ғимарат.

2. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру маршруты: Есіл қаласы, Гагарин көшесі, № 39 үйден № 1 үйге дейін.

3. Орталық стадион алаңы, Есіл қаласы, Ғарышкерлер көшесі, 1/1.

4. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру маршруты: Есіл қаласы, Абылай хан және Ғарышкерлер көшелерінің қиылысынан орталық стадионға дейін.

5. "Ақмола облысы Есіл ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Есіл аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ауылдық клуб ғимараты жанында орналасқан алаң, Ақсай ауылы, Ленин көшесі, 1 ғимарат.

6. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру маршруты: Ақсай ауылы, Ленин көшесі, "Березка" дүкенінен ауылдық клуб алаңына дейін.

7. Промзона көшесі бойынша 1 ғимараттың жанында орналасқан алаң, Бұзылық ауылы.

8. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру маршруты: Бұзылық ауылы, Рассветная көшесі, "Бахыт" дүкенінен Промзона көшесінің 1 ғимаратына дейін.

9. "Ақмола облысы Есіл ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Есіл аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ауылдық Мәдениет үйі ғимараты жанында орналасқан алаң, Двуречный ауылы, Производственная көшесі, 22 ғимарат.

10. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру маршруты: Двуречный ауылы, Производственная көшесі, № 1 үйден ауылдық клуб алаңына дейін.

11. Ленин көшесі бойынша 15 ғимараттың жанында орналасқан алаң, Жаныспай ауылы.

12. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру маршруты: Жаныспай ауылы, Ленин және Юбилейная көшелерінің қиылысынан Ленин көшесі бойынша 15 ғимаратына дейін.

13. "Ақмола облысы Есіл ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Есіл аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық

кәсіпорнының ауылдық Мәдениет үйі ғимараты жанында орналасқан алаң, Заречный ауылы, Бейбітшілік көшесі, 10 ғимарат.

14. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру маршруты: Заречный ауылы, Тәуелсіздік және Жеңіс көшелерінің қиылысынан Бейбітшілік көшесінің 10 ғимаратына дейін.

15. "Ақмола облысы Есіл ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Есіл аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ауылдық клуб ғимараты жанында орналасқан алаң, Знаменка ауылы, Центральная көшесі, 2 ғимарат.

16. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру маршруты: Знаменка ауылы, Центральная және Мира көшелерінің қиылысынан Центральная көшесі бойынша ауылдық клуб алаңына дейін.

17. Ленин көшесі бойынша 9 ғимараттың жанында орналасқан алаң, Интернациональный ауылы.

18. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру маршруты: Интернациональный ауылы, Ленин көшесі, № 38 үйден 9 ғимаратқа дейін.

19. "Ақмола облысы Есіл ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Есіл аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ауылдық Мәдениет үйі ғимараты жанында орналасқан алаң, Қаракөл ауылы, Набережная көшесі, 9 ғимарат.

20. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру маршруты: Қаракөл ауылы, Набережная және Молодежная көшелерінің қиылысынан Набережная көшесі бойынша 9-ғимаратқа дейін.

21. Орталық стадион алаңы, Красивое ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 54.

22. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру маршруты: Красивое ауылы, Тәуелсіздік және Новая көшелерінің қиылысынан Тәуелсіздік көшесі бойынша орталық стадионға дейін.

23. Строительная көшесі бойынша 32 ғимараттың жанында орналасқан алаң, Красногорский кенті.

24. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру маршруты: Красногорский кенті, Строительная және Ленин көшелерінің қиылысынан Строительная көшесі бойынша 32 ғимаратына дейін.

25. Центральная көшесі бойынша 1 ғимараттың жанындағы алаң, Московское ауылы.

26. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру маршруты: Московское ауылы, Центральная және Производственная көшелерінің қиылысынан Центральная көшесі бойынша 1 ғимаратына дейін.

27. Мира көшесі бойынша 10 ғимараттың жанында орналасқан алаң, Орловка ауылы.

28. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру маршруты: Орловка ауылы, Мира және Целинная көшелерінің қиылысынан Мира көшесі бойынша 10 ғимаратына дейін.

29. Обушко көшесі бойынша 1 ғимараттың жанында орналасқан алаң, Свободный ауылы.

30. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру маршруты: Свободный ауылы, Днепропетровская және Обушко көшелерінің қиылысынан Обушко көшесі бойынша 1 ғимаратына дейін.

31. Школьная көшесі бойынша 14А ғимаратының жанында орналасқан алаң, Юбилейное ауылы.

32. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру маршруты: Юбилейное ауылы, Механизаторская көшесі Школьная және Целинная көшелерінің қиылысына дейін.

Есіл аудандық маслихатының
2021 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 16/2 шешіміне
2 қосымша

Есіл аудандық маслихатының
2020 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 82/3 шешіміне
2 қосымша

Есіл ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормалары, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

1. Есіл ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормалары, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді.

2. Арнайы орындар санитариялық нормалар мен өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтай отырып пайдаланылады. Арнайы орындарда жоспарланған басқа да ресми, мәдени, ойын-сауық, мәдени-бұқаралық, дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық және өзге де іс-шараларды өткізу, құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүзеге асыру туралы ақпарат болмаған жағдайда бейбіт жиналыстар өткізуге жол беріледі.

3. Бейбіт жиналыстар өткізуді материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді оларды ұйымдастырушы мен оларға қатысушылар өз қаражаты

есебінен, сондай-ақ осы бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жиналған және (немесе) берілген қаражат пен мүлік есебінен, егер Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында өзгеше белгіленбесе, жүзеге асырады.

4. Есіл ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындардың шекті толу нормасы:

1) "Есіл ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Есіл аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратының жанында орналасқан алаң, Есіл қаласы, Гагарин көшесі, 1 ғимарат, шекті толу нормасы 100 адам;

2) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру маршруты: Есіл қаласы, Гагарин көшесі, № 39 үйден № 1 үйге дейін, шекті толу нормасы 100 адам;

3) орталық стадион алаңы, Есіл қаласы, Ғарышкерлер көшесі, 1/1, шекті толу нормасы 80 адам;

4) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру маршруты: Есіл қаласы, Абылай хан және Ғарышкерлер көшелерінің қиылысынан орталық стадионға дейін, шекті толу нормасы 80 адам;

5) "Ақмола облысы Есіл ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Есіл аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ауылдық клуб ғимараты жанында орналасқан алаң, Ақсай ауылы, Ленин көшесі, 1 ғимарат, шекті толу нормасы 60 адам;

6) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру маршруты: Ақсай ауылы, Ленин көшесі, "Березка" дүкенінен ауылдық клуб алаңына дейін, шекті толу нормасы 60 адам;

7) Промзона көшесі бойынша 1 ғимараттың жанында орналасқан алаң, Бұзылық ауылы, шекті толу нормасы 70 адам;

8) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру маршруты: Бұзылық ауылы, Рассветная көшесі, "Бахыт" дүкенінен Промзона көшесінің 1 ғимаратына дейін, шекті толу нормасы 70 адам;

9) "Ақмола облысы Есіл ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Есіл аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ауылдық Мәдениет үйі ғимараты жанында орналасқан алаң, Двуречный ауылы, Производственная көшесі, 22 ғимарат, шекті толу нормасы 50 адам;

10) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру маршруты: Двуречный ауылы, Производственная көшесі, № 1 үйден ауылдық клуб алаңына дейін, шекті толу нормасы 50 адам;

11) Ленин көшесі бойынша 15 ғимараттың жанында орналасқан алаң, Жаныспай ауылы, шекті толу нормасы 50 адам;

12) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру маршруты: Жаныспай ауылы, Ленин және Юбилейная көшелерінің қиылысынан Ленин көшесі бойынша 15 ғимаратына дейін, шекті толу нормасы 50 адам;

13) "Ақмола облысы Есіл ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Есіл аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ауылдық Мәдениет үйі ғимараты жанында орналасқан алаң, Заречный ауылы, Бейбітшілік көшесі, 10 ғимарат, шекті толу нормасы 100 адам;

14) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру маршруты: Заречный ауылы, Тәуелсіздік және Жеңіс көшелерінің қиылысынан Бейбітшілік көшесінің 10 ғимаратына дейін, шекті толу нормасы 100 адам;

15) "Ақмола облысы Есіл ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Есіл аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ауылдық клуб ғимараты жанында орналасқан алаң, Знаменка ауылы, Центральная көшесі, 2 ғимарат, шекті толу нормасы 80 адам;

16) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру маршруты: Знаменка ауылы, Центральная және Мира көшелерінің қиылысынан Центральная көшесі бойынша ауылдық клуб алаңына дейін, шекті толу нормасы 80 адам;

17) Ленин көшесі бойынша 9 ғимараттың жанында орналасқан алаң, Интернациональный ауылы, шекті толу нормасы 70 адам;

18) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру маршруты: Интернациональный ауылы, Ленин көшесі, № 38 үйден 9 ғимаратқа дейін, шекті толу нормасы 70 адам;

19) "Ақмола облысы Есіл ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Есіл аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ауылдық Мәдениет үйі ғимараты жанында орналасқан алаң, Қаракөл ауылы, Набережная көшесі, 9 ғимарат, шекті толу нормасы 50 адам;

20) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру маршруты: Қаракөл ауылы, Набережная және Молодежная көшелерінің қиылысынан Набережная көшесі бойынша 9-ғимаратқа дейін, шекті толу нормасы 50 адам;

21) орталық стадион алаңы, Красивое ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 54, шекті толу нормасы 50 адам;

22) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру маршруты: Красивое ауылы, Тәуелсіздік және Новая көшелерінің қиылысынан Тәуелсіздік көшесі бойынша орталық стадионға дейін, шекті толу нормасы 50 адам;

23) Строительная көшесі бойынша 32 ғимараттың жанында орналасқан алаң, Красногорский кенті, шекті толу нормасы 25 адам;

24) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру маршруты: Красногорский кенті, Строительная және Ленин көшелерінің қиылысынан Строительная көшесі бойынша 32 ғимаратына дейін, шекті толу нормасы 25 адам;

25) Центральная көшесі бойынша 1 ғимараттың жанындағы алаң, Московское ауылы, шекті толу нормасы 65 адам;

26) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру маршруты: Московское ауылы, Центральная және Производственная көшелерінің қиылысынан Центральная көшесі бойынша 1 ғимаратына дейін, шекті толу нормасы 65 адам;

27) Мира көшесі бойынша 10 ғимараттың жанында орналасқан алаң, Орловка ауылы, шекті толу нормасы 60 адам;

28) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру маршруты: Орловка ауылы, Мир және Целинная көшелерінің қиылысынан Мира көшесі бойынша 10 ғимаратына дейін, шекті толу нормасы 60 адам;

29) Обушко көшесі бойынша 1 ғимараттың жанында орналасқан алаң, Свободный ауылы, шекті толу нормасы 60 адам;

30) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру маршруты: Свободный ауылы, Днепропетровская және Обушко көшелерінің қиылысынан Обушко көшесі бойынша 1 ғимаратына дейін, шекті толу нормасы 60 адам;

31) Школьная көшесі бойынша 14А ғимаратының жанында орналасқан алаң, Юбилейное ауылы, шекті толу нормасы 50 адам;

32) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру маршруты: Юбилейное ауылы, Механизаторская көшесі Школьная және Целинная көшелерінің қиылысына дейін, шекті толу нормасы 50 адам;

5. Жергілікті атқарушы органның келісімінсіз бейбіт жиналыстар ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарда киіз үйлер, шатырлар, өзге де құрылысжайлар орнатуға жол берілмейді.

6. Дәл сол бір жерде және (немесе) дәл сол бір жүру маршруты бойынша не дәл сол бір уақытта бейбіт жиналыс өткізуге бір мезгілде бірнеше бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушы үміткер болған жағдайда, көрсетілген орынды пайдалану кезектілігін жергілікті атқарушы орган бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушыдан тиісті хабарламаны немесе өтінішті алған уақытын негізге ала отырып айқындайды.

7. Әлеуметтік қашықтықты сақтау мақсатында, пикеттеуден басқа, бейбіт жиналысқа қатысатын адамдардың арасындағы ең аз жол берілетін қашықтық кемінде екі метрді құрайды.

8. Бір қатысушы өткізетін пикеттеуді жүзеге асыратын адамдар арасындағы ең аз жол берілетін қашықтық кемінде 100 метрді құрайды.

9. Бейбіт жиналыстар өткізілетін күні Есіл ауданының жергілікті уақыты бойынша сағат 9-дан ерте бастауға және сағат 20-дан кеш аяқтауға болмайды.

Есіл аудандық маслихатының
2021 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 16/2 шешіміне
3 қосымша

Есіл аудандық маслихатының
2020 жылғы 25 желтоқсандағы

Есіл ауданында пикеттеуді өткізуге жол берілмейтін іргелес аумақтардың шекаралары

Есіл ауданында көрсетілген объектілердің іргелес жатқан аумақтарының шекараларынан 400 метр қашықтықта пикеттеуді өткізуге жол берілмейді:

- 1) жаппай жерлеу орындарында;
- 2) теміржол, су, әуе және автомобиль көлігі объектілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда;
- 3) мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдарға іргелес жатқан аумақтарда;
- 4) қауіпті өндірістік объектілерге және пайдалануы арнайы қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап ететін өзге де объектілерге іргелес жатқан аумақтарда;
- 5) магистральдық теміржол желілерінде, магистральдық құбыржолдарда, ұлттық электр желісінде, магистральдық байланыс желілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда тыйым салынады.